

Пригородное селосындағы Ленин көшесінің атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қарой селолық округі әкімінің 2010 жылғы 30 наурыздағы N 14 шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 сәуірде 6-3-112 нөмірімен тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Пригородное селосындағы Ленин көшесі тұрғындарының пікірін ескере отырып және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Қарой селолық округіне қарасты Пригородное селосындағы Ленин көшесінің аты Пірімқұлов Құттыбек Аппақұлы атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарой селолық округінің әкімі

Е. Қалдыбеков